

«БЕКІТІЛДІ»

**«Қ. Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(№9 хаттама, «06» қазан 2021 жыл)**



**2021-2022 оқу жылына «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университеті» КеАҚ-да білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша
жеңілдіктер беру және Қ. Жұбанов атындағы білім беру грантын
(стипендиясын) беру туралы
ЕРЕЖЕ**

Ақтөбе, 2021

МАЗМҰНЫ

I. Жалпы ережелер.....	3
II. 1 курс білім алушылары үшін жеңілдіктер.....	3
III. 2-4 (5) курс білім алушылары үшін жеңілдіктер.....	4
IV. Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендияны және Қ.Жұбанов атындағы білім беру грантын тағайындау және төлеу туралы.....	6
V. Қорытынды ережелер	8
Қосымша.....	8

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже дарынды жастарды көтермелеу және әлеуметтік осал отбасылар қатарынан күндізгі оқу нысанында оқитын студенттерді қолдау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереже "Қ.Жұбанов атындағы АӨУ" КеАҚ Директорлар кеңесімен қаралуға және бекітілуге тиіс.

1.3. Осы Ереже мемлекеттік білім беру гранттары бойынша немесе мамандар даярлауға тапсырыс берушілермен жасалған шарттар бойынша білім алушыларға қолданылмайды.

1.4. Білім алушылардың білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беруге арналған өтініштерін қарау және оларға Қ.Жұбановтың атаулы стипендия тағайындау туралы шешім қабылдау үшін басқарма төрағасы- университет Ректорының бұйрығымен комиссия құрылады, ол өз жұмысын жылына 1 рет жүзеге асырады (*қазан 2021 ж.*)

1.5. Білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беруге үміткер білім алушылар (*бакалаврлар*) тиісті құжаттарды қоса бере отырып, Басқарма Төрағасы - университет Ректорының атына өтініш жазады және құжаттарды факультет деканаттарына тапсырады.

1.6. Өтініш беру жылына 1 рет 2021 жылғы 1-15 қазан аралығында жүргізіледі.

1.7. Факультет деканаттары ұсынылған құжаттардың жеңілдіктер беру критерийлеріне сәйкестігін алдын ала қарауды жүзеге асырады, оларды жүйелейді және 2021 жылдың 22 қазанына дейін университет комиссиясына тапсырады.

1.8. Құжаттарды толық ұсынбау білім алушының өтінішін қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

1.9. Жеңілдіктер беру тәртібі және қажетті құжаттар тізбесі осы Ережеге Қосымшамен регламенттеледі.

II. 1 КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

2.1. Оқу ақысын төлеуден толық босату:

2.1.1. Жетім балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

2.2. Оқу үшін жылдық төлем сомасын 50% - ға төмендету:

2.2.1. Мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер.

2.2.2. Шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері.

2.2.3. Студент, егер оның отбасында тағы бір студент Қ.Жұбанов АӨУ-нің 2-4 (5) курстарында ақылы негізде оқыса. Егер 1-курста бір мезгілде бір отбасынан екі студент (*егіздер*) ақылы негізде оқитын болса, онда аталған жеңілдік олардың әрқайсысына қолданылады.

2.3. Оқу үшін жылдық төлем сомасын 25%-ға төмендету:

2.3.1. Ұлты қазақ емес шетел азаматтары.

2.4. Біржолғы жеңілдіктер (оқу жылы ішінде бір рет):

2.4.1. Мектеп және колледж түлектері арасында ҰБТ бейіндік пәндері бойынша университеттік олимпиадалардың жүлдегерлері (I, II, III орындар):

- бірінші орын – ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 50%-ға төмендету;
- екінші орын – ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 35%-ға төмендету;
- үшінші орын – ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 20%-ға төмендету.

2.4.2. ҰБТ-да кемінде 105 балл жинаған, бірақ білім беру грантына ие болмаған "Алтын белгі" белгісінің иегерлеріне – 1 курс үшін төлем сомасын 100 000 теңгеге төмендету.

2.4.3. Университет қызметкерлерінің балалары (университеттегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл) – 1 курс үшін төлем сомасын 100 000 теңгеге төмендету.

2.4.4. Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия және Қазақстан чемпиондары (I-ші орын) (қарапайым турнирлер есепке алынбайды) және "Дене шынықтыру және спорт", "Музыкалық білім беру", "Бейнелеу өнері және сызу", "Хореография", "Дизайн" мамандықтарына түсу кезінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитеті аясында (2021 жылғы 1 қаңтар-2021 жылғы 1 қазан аралығы кезеңінде) өткізілген халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (I-ші орын):

- халықаралық деңгейде – 1 курс үшін төлем сомасын 120 000 теңгеге төмендету;

- республикалық деңгейде – 1 курс үшін төлем сомасын 90 000 теңгеге төмендету.

2.4.5. 2021 жылдың 1 қаңтары мен 1 қазаны аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен жастар саясатының өзекті мәселелері бойынша мектеп және колледж түлектері арасында өткізілген республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпаздары (I-ші орын, 2-ші орын, 3-ші орын).

- бірінші орын – ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 50%-ға төмендету;
- екінші орын – ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 35%-ға төмендету;
- үшінші орын - ағымдағы оқу жылына төлем сомасын 20%-ға төмендету.

2-4 (5) КУРС БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫ ҮШІН ЖЕҢІЛДІКТЕР

3.1. Оқу ақысын төлеуден толық босату:

3.1.1. Жетім балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

3.1.2. Ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын оқу озаттары (GPA кемінде 3,95).

3.2. Оқу үшін жылдық төлем сомасын 50% - ға төмендету:

3.2.1. Ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыста жетістіктерге жеткен оқу озаттары (GPA 3,85 кем емес).

3.2.2. Өткен оқу семестріне академиялық қарызы жоқ мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер.

3.3. Біржолғы жеңілдіктер *(оқу жылы ішінде бір рет)*:

3.3.1. 2020 жылдың 1 қыркүйегі мен 2021 жылдың 1 қазаны аралығында ҚР БҒМ немесе халықаралық ұйымдастыру комитеттері аясында өткізілген халықаралық және республикалық студенттік пәндік олимпиадалардың *(I, II, III орындар)* жүлдегерлері *(онлайн-режимдегі немесе сырттай нысандағы олимпиадалар есепке алынбайды)* және алдыңғы оқу семестрі үшін академиялық қарызы жоқ:

- жеке есепте бірінші орын – оқу ақысының жылдық сомасын 150 000 теңгеге төмендету;

- жеке есепте екінші орын – оқу ақысының жылдық сомасын 120 000 теңгеге төмендету;

- жеке есепте үшінші орын – оқу ақысының жылдық сомасын 90 000 теңгеге төмендету.

3.3.2. 2020 жылдың 1 қыркүйегі мен 2021 жылдың 1 қазаны аралығында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізілген Спорт және өнер саласындағы халықаралық және республикалық чемпионаттар мен байқаулардың жүлдегерлері *(I, II, III орындар)* және "Дене шынықтыру және спорт", "Музыкалық білім беру", "Бейнелеу өнері және сызу", "Хореография", "Дизайн" мамандықтарында оқитын және алдыңғы семестр бойынша академиялық қарызы жоқ студенттер:

- халықаралық деңгейде – жылдық оқу ақысын 120 000 теңгеге төмендету;

- республикалық деңгейде – оқу ақысының жылдық сомасын 90 000 теңгеге төмендету.

3.3.3. Университет қызметкерлерінің балалары *(университеттегі жұмыс өтілі кемінде 3 жыл)* – алдыңғы оқу семестрі үшін академиялық қарыз болмаған жағдайда оқу үшін жылдық төлем сомасын 100 000 теңгеге төмендету *(егер бір отбасында бірнеше студент ақылы негізде оқитын болса, онда аталған жеңілдік олардың әрқайсысына қолданылады)*.

3.3.4 Оқу ақысын төлеу сомасын төмендету түріндегі жеңілдіктер үлгерімі жақсы студенттердің келесі санаттарына да беріледі:

- университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатындарға *(Студенттік парламент, кәсіптік бағдар беру жұмысы, дебат клубы, волонтерлық қозғалыс және т. б.)*;

- университет әкімшілігінің тапсырмасы бойынша оқу-көмекші сипаттағы жұмыстардың белгілі бір түрлерін орындаушыларға *(дизайнерлік, безендіру, жарнамалық жұмыстар, бағдарламалық өнімді әзірлеу және т. б.)*;

- StartUP жобаларды іске асырушыларға.

3.3.5. 3.3.4-тармақта белгіленген жеңілдіктердің мөлшері, Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың, әлеуметтік мәселелер және

жастар саясаты жөніндегі департамент директорының, факультет декандарының қызметтік хаттары бойынша комиссиямен анықталады.

3.4. Оқу ақысын төлеуге берілген жеңілдіктің күшін жоюдың негіздері мен тәртібі.

3.4.1. Осы ереженің 2.2.1, 2.4.1, 2.4.2, 2.4.3, 2.4.4, 3.1.2, 3.2.1, 3.2.2, 3.3.1, 3.3.2, 3.3.3, 3.3.4 тармақтарына сәйкес білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер алған білім алушылар ағымдағы оқу жылының күзгі емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған кезде екінші жартыжылдықтан бастап оқу ақысын төлеу бойынша берілген жеңілдіктен айырылады.

3.4.2. Осы Ереженің 3.4.1-тармақта көзделген жағдайларда бұрын берілген жеңілдіктің мөлшері екі есе азайтылады.

3.4.3. Оқу ақысын төлеуге жеңілдіктер беру туралы бұйрық шыққаннан кейін факультет декандары жеңілдік алған студенттерді осы Ереженің 3.4.1 және 3.4.2. тармақтарымен жазбаша таныстыруға міндетті.

3.4.4. Факультет декандары ағымдағы оқу жылының күзгі емтихандық сессиясы аяқталғаннан кейін бір апта өткен соң жеңілдіктер беру жөніндегі комиссияға білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беру туралы бұйрыққа өзгерістер енгізу үшін қанағаттанарлықсыз баға алған студенттердің тізімін ұсынуға міндетті.

IV. Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯНЫ ЖӘНЕ Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫН ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ

4.1.1. Қ.Жұбанов атаулы стипендия тағайындау:

- білім алушылардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;

- дарынды және талантты жастарды көтермелеу;

- қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету;

- білім алушылардың әлеуметтік қорғалуын күшейту.

4.1.2. Күндізгі оқу бөлімінің бакалаврлары білім алушылар болып саналады.

4.1.3. Факультеттер бөлінісіндегі Қ.Жұбанов атындағы атаулы стипендиялар саны әр оқу жылына Басқарма Төрағасы – университет ректорының бұйрығымен анықталады.

4.2. Атаулы стипендияны тағайындау және төлеу тәртібі

4.2.1. Атаулы стипендия тағайындауға үміткер төмендегі білім алушылар болып табылады:

- оқу, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметте айтарлықтай жетістіктері бар;

- халықаралық және республикалық пәндік олимпиадалардың, спорттық жарыстардың, шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (*жүлдегерлері*);

- халықаралық басылымдардағы ғылыми жарияланымдардың, өнертабыстардың, енгізілген Start-up жобалардың авторлары;

- профессор Қ. Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеушілер..

4.2.2. Атаулы стипендия тағайындауға 2-ші және одан кейінгі курстардың білім алушылары үміткер бола алады.

4.2.3. Бастапқы кезеңде үміткерлерді іріктеуді факультеттер жүзеге асырады.

4.2.4. Тең жағдайларда кандидаттарды іріктеу кезінде басым құқықты жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер алады.

4.2.5. Атаулы шәкіртақыға ізденуші төмендегі құжаттарды қоса бере отырып, факультет деканаттарына өтініш береді:

- транскрипт;

- осы Ереженің 4.2.1-тармағында көрсетілген қызмет бағыттары бойынша қол жеткізілген жетістіктерді растайтын құжаттар;

- жетімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер үшін ата-анасының қайтыс болуы туралы тиісті куәліктер, туу туралы куәлік, қорғаншылық туралы атқарушы билік органдарының шешімдері, мүгедектікті белгілеу туралы медициналық-санитариялық сараптама комиссиясының куәлігі.

4.2.6. Факультеттердің дәлелді қорытындылары университет стипендиясына үміткерлер туралы түпкілікті шешімді қабылдайтын Университет кеңесінің отырысында қаралады.

4.2.7. Атаулы стипендия академиялық кезеңнің басынан бастап бір академиялық кезеңге тағайындалады.

4.2.8. Атаулы стипендия мемлекеттік грант негізінде де, ақылы негізде де білім алушыларға тағайындалады.

4.2.9. Атаулы стипендия бір білім алушыға бірнеше рет тағайындалуы мүмкін.

4.2.10 Атаулы стипендия білім алушының (*бакалавриат*) тиісті санатына ең төменгі мемлекеттік стипендия мөлшерінен 50%-ға жоғары мөлшерде белгіленеді.

4.2.11. Атаулы стипендия ай сайын университеттің бюджеттен тыс қаражаты есебінен төленеді.

4.3. Стипендия төлеу туралы шешімнің күшін жою.

4.3.1. Атаулы стипендияны төлеу туралы шешімнің күшін жоюға негіздер болып табылады:

- білім алушы өтініш берген кезде ұсынылған құжаттардың анықталған дұрыс еместігі;
- аралық бақылау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алу;
- басқа мамандыққа немесе оқыту нысанына ауыстыру;
- академиялық демалысты немесе бала күтімі бойынша демалысты ресімдеу.

4.3.2. Атаулы стипендия төлеуді тоқтату туралы шешім тиісті факультеттің ұсынуы бойынша басқарма төрағасының - университет Ректорының бұйрығымен ресімделеді.

4.4. Қ. Жұбанов атындағы білім беру грантын беру тәртібі

4.4.1. Білім алушылар білім беру грантын беруге кандидаттар болып табылады:

- оқу, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметте жалпыға бірдей танылған табыстарға қол жеткізгендер және сол арқылы халықаралық және республикалық деңгейде университеттің оң имиджіне ықпал еткендер;

- ағымдағы жылғы Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа және Азия чемпиондары атақтарының иегерлері;

- ағымдағы жылы Қазақстаннан тыс жерлерде өткізілген Халықаралық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары (*1-ші орын*);

- жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар.

4.4.2. Барлық курстардың білім алушылары білім беру грантын беруге кандидат бола алады.

4.4.3. Білім беру грантын беруге кандидаттарды іріктеуді білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беру жөніндегі университеттік комиссия жүзеге асырады, онда кандидаттар өздерінің жетістіктерін немесе әлеуметтік мәртебесін растайтын құжаттарды тапсырады.

4.4.4. Комиссияның дәлелді қорытындысы университет басқармасының отырысында қаралады және Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен ресімделеді.

4.4.5. Білім гранты нақты оқу жылына беріледі..

4.4.6. Қ.Жұбанов атындағы білім беру грантының иегері Басқарма Төрағасы - Ректордың қолы қойылған тиісті сертификатқа ие болады.

4.4.7. Қ.Жұбанов атындағы білім беру гранты білім алушыға білім беру қызметі үшін ақы төлеуден босату құқығын береді.

4.4.8. Білім беру гранты стипендия тағайындауды және грант иегерінің автомобиль немесе теміржол көлігінде жол жүру ақысын төлеуге және тамақтануға арналған шығындарды өтеуді көздемейді.

4.4.9. Академиялық демалысты немесе академиялық берешекті ресімдеу кезінде білім беру грантын беру Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тоқтатылады.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1. Білім алушылар осы Ережеде көзделген жеңілдіктер түрлерінің біреуін ғана алуға құқылы.

5.2. Осы Ереже Президенттік стипендия иегерлеріне, сондай-ақ облыс әкімі стипендиясының иегерлеріне қолданылмайды.

5.3. Комиссияның ұсынымдары университеттің директорлар Кеңесінде қарастырылады және Басқарма Төрағасы-университет Ректорының бұйрығымен ресімделеді.

5.4. Қ. Жұбанов атындағы білім беру гранттары Басқарма Төрағасы-университет ректорының бұйрығымен келесі жағдайларда тоқтатылады:

- мемлекеттік білім беру грантын беру;
- білім алушының әлеуметтік мәртебесін өзгерту (*бала асырап алу, қорғанышылықты тоқтату, мүгедектіктің күшін жою*);
- оқу бойынша академиялық қарыз;
- университеттің немесе Студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен тәртіптік жаза қолдану;
- құқыққа қарсы әрекеттер жасау.

5.5. Білім алушыларға білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беру , Қ.Жұбанов атындағы стипендия тағайындау және Қ. Жұбанов атындағы білім беру грантын беру туралы бұйрықтың көшірмелері факультет деканаттарына және университеттің бухгалтериясына жіберіледі.

I. Білім алушылардың санаттары бойынша ұсынылатын құжаттар тізімі

Бірінші курс:

1.1.1а. Жетім балалар:

- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмелері;
- СҚКО-дан анықтама.

1.1.1б. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар::

- жеке куәлік көшірмесі;
- қорғаншылық белгілеу туралы әкімдік қаулысының *(шешімінің)* көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама.

1.2.1. Мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер:

- жеке куәлік көшірмесі;
- мүгедектікті белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының куәлігінің көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама.

1.2.2. Шетелдік қазақ диаспорасының өкілдері:

- ұлты бойынша қазақ шетел мемлекеті паспортының көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама.

1.2.3. 1-курс студенттері және олардың отбасында Қ.Жұбанов атындағы университетінде басқа балалар ақылы негізде оқитын жағдайда:

- барлық білім алушылардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері;
- бір отбасынан ақылы негізде оқитын барлық білім алушылардың СҚКО анықтамалары.

1.3.1. Ұлты қазақ емес шетел азаматтары:

- шетелдік азамат паспортының көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама.

1.4.1. Мектеп және колледж түлектері арасындағы университеттік пән олимпиадаларының жүлдегерлері:

- СҚКО-дан анықтама;
- Олимпиада жүлдегерінің дипломы;
- Басқарма Төрағасы-университет Ректорының қолы қойылған сертификат.

1.4.2. "Алтын белгі" иегерлері:

- СҚКО-дан анықтама;
- ҰБТ сертификатының көшірмесі;
- орта білім туралы құжаттың көшірмесі.

1.4.3. Университет қызметкерлерінің балалары:

- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама;
- ата-анасының лауазымы мен жұмыс өтілі көрсетілген университеттің кадрлар бөлімінен анықтама.

1.4.4. Спорт түрлері бойынша Әлем, Еуропа, Азия және Қазақстан чемпиондары мен 2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 1 қазан аралығындағы халықаралық және республикалық шығармашылық конкурстардың жеңімпаздары:

- СҚКО-дан анықтама;
- шығармашылық конкурстың чемпионы немесе жеңімпазы дипломының түпнұсқасы және көшірмесі *(түпнұсқа салыстырып тексерілгеннен кейін қайтарылады)*.

1.4.5. Республикалық пікірсайыс турнирлерінің жеңімпаздары:

- СҚКО-дан анықтама;
- республикалық дебат турнирінің жүлдегері дипломы.

2-4(5) куртар:

2.1.1а. Жетім балалар:

- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмелері;
- СҚКО-дан анықтама.

2.1.1б. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар:

- жеке куәлік көшірмесі;
- қорғаншылық белгілеу туралы әкімдік қаулысының *(шешімінің)* көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама.

2.1.2. Оқу озаттары *(GPA 3,95 кем емес)*:

- транскрипт;
- алдыңғы оқу жылында ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатынын растайтын құжаттар.

2.2.1. Оқу озаттары *(GPA 3,85 кем емес)*:

- транскрипт;
- алдыңғы оқу жылында ғылыми-зерттеу және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатынын растайтын құжаттар.

2.2.2. Мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер:

- жеке куәлік көшірмесі;
- мүгедектікті белгілеу туралы медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының куәлігінің көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама;
- транскрипт.

2.3.1. Өткен оқу жылы кезеңінде өткізілген халықаралық және республикалық студенттік пәндік олимпиадалардың жүлдегерлері:

- СҚКО-дан анықтама;
- олимпиада жүлдегерінің дипломы (*жеке есепте*);
- транскрипт.

2.3.2. Өткен оқу жылы кезеңінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің немесе халықаралық ұйымдастыру комитетінің қолдауымен өткізілген Спорт және өнер саласындағы халықаралық және республикалық чемпионаттар мен шығармашылық конкурстардың жүлдегерлері:

- СҚКО-дан анықтама;
- чемпионаттар немесе конкурстар жүлдегерінің дипломы;
- транскрипт.

2.3.3. Университет қызметкерлерінің балалары:

- туу туралы куәліктің көшірмесі;
- СҚКО-дан анықтама;
- ата-анасының лауазымы мен жұмыс өтілін көрсете отырып, университеттің кадрлар бөлімінен анықтама;
- транскрипт.

2.3.4. Білім алушылардың жекелеген санаттары:

- СҚКО-дан анықтама;
- белсенді қоғамдық жұмыс, университет әкімшілігімен шарт бойынша жұмысты орындағаны үшін құрылымдық бөлімшелерден (*мысалы, ректораттан, факультеттерден, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінен, ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінен және т.б.*) өтінішхат.
- транскрипт.

Ескерту: білім алушылардың әр түрлі санаттарының келтірілген нөмірленуі "2021-22 оқу жылына университет бакалавриаты бойынша білім беру қызметтеріне ақы төлеуге жеңілдіктер беру туралы ережеде" жеңілдікті білім алушылар санаттарының нөмірленуіне сәйкес келеді.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылыми және инновациялық
жұмыс жөніндегі Проректор



Бекназаров Р.А.

Стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі Проректор



Бекбауова А.У.

Әлеуметтік және тәрбие жұмысы
жөніндегі Проректор



Бердыбаев Н.М.

Ректордың кеңесшісі



Цхай К.В.

Бас ғылыми хатшы



Балтымова М.Р.

Бас бухгалтер



Сапарғалиева К.А.